«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Усенова Нуржамал Есркеповнаның ««Бабырнаманың» қазақ тіліндегі нұсқалары: тарихи шындық және әдеби заңдылықтар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертант Усенова Нуржамал Есркеповнаның ««Бабырнаманың» қазақ тіліндегі нұсқалары: тарихи шындық және әдеби заңдылықтар» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: Қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) басымдықтарына; Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, оның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты бойынша көзделген мақсат-міндеттердің орындалуына өз үлесін қосады.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе нысаналы бағдарлама аясында орындалмаған. 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарының бірі - білім және ғылым саласындағы адами капиталды
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	дамыту, педагогикалық ғылымдарды жетілдіру және білім беру сапасын арттыру бағытына, «8D02304 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша кадрлар даярлау бағдарламасына: ҚР Үкімет жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылымның дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына толық сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы әдебиеттану ғылымына елеулі үлес қосады. «Бабырнама» туындысының маңызы – тарихи-мәдени дереккөз ретінде орта ғасырдағы түркі әлемінің әдеби дәстүрін түсінуге, сол дәуірдің рухани ортасын тануға мүмкіндік береді. Диссертациялық зерттеуде «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі аудармаларын кешенді түрде карастырып, жәдігердің қазақ жазба мәдениетіндегі орны, әдеби-көркемдік әлемі және оның қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясымен, соның ішінде Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Бұқар жырау шығармаларындағы поэтикалық дәстүрмен сабақтастығы, тарихи шындық пен көркемдік шешім арақатынасы талданған. Жұмыс ғылыми қауымдастыққа жаңа тұжырымдар ұсынып, болашақ зерттеулерге бағыт-бағдар бола алады. Зерттеу нәтижелерінің ғылым үшін маңыздылығы жоғары.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен:	Диссертанттың ғылыми жұмыс жазу деңгейі жоғары. Академиялық жазу – ғылыми зерттеу талаптарының басты көрсеткіші. Диссертация ғылыми зерттеудің баста әдіс-тәсілдерін жақсы меңгерген, басқа ғылыми

		4) өзі жазбаған.	жұмыс зерттеудің барлық параметрлерін басты ұстаным етіп ала отырып, өзінің жұмысын жаңашылдығымен ғылыми ойларымен, мазмұндауымен жан-жақты тұжырымдаған. Диссертант зерттеуінде ғылыми стильдің барлық жанрларын меңгергені, жұмысының барлық тарауларында көрсете білген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген. Зерттеу мазмұнынан алынған мәліметтерге сүйене отырып, диссертацияның өзектілігі мынадай факторлармен негізделеді: 1. Қазақ әдебиеттануында «Бабырнама» поэтикасының алғаш рет зерттелуі жұмыстың өзектілігін дәлелдейді; 2. «Бабырнаманың» жанрлық табиғатын; 3. «Бабырнамадғы» көркемдік-бейнелеу құралдарының амал-тәсілдерін; 4. «Бабырнамадағы» тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелерінің арақатынасын; 5. «Бабырнамадағы» баяндау тәсілдерін; 6. «Бабырнамадағы» диалог түрлерінің қызметі диссертацияда толық қарастырылып, өзектілігі айқындалады.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық еңбектің мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеудің мазмұны Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» шығармасын әдеби тұрғыдан кешенді қарастыру арқылы жүзеге асқан. 1. «Бабырнамадағы» көркемдік құралдар: метафора (Исламның ақ туының астындағы мұсылман қырандары, жауынгерлерді «қыранға» алмастырып, құбылтады); теңеу (сайдың тасындай, балқарағайдың бүріндей, қанын судай ағызды, жұлдыздай, т.б.); гипербола: (...шаң бұлтқа айналып, күннің көзін
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	

			жауып, соғыс алаңының үстін шарбып қалды, ...аттың тұяғының ұшқыны жанар таудың шашыранды шоқты тасы сияқты айқыш-ұйқыш от шашады): 2. «Бабырнамадағы» мемуарлық және автобиографиялық жанрлардың ерекшеліктері кесте түрінде дәйектелген (Кесте 4); 3. Тарихи шындық және көркем шешім секілді өзекті мәселелердің жүйелі талдануы автордың көркемдік әлемін теориялық тұрғыда айқындауға мүмкіндік беріп, мазмұн мен тақырыптың өзара логикалық сәйкестігін қамтамасыз етеді. Зерттеу жұмысының үш тарауы диссертация мазмұнына сай құрылған және диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді: 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толық сәйкес келеді. Мақсаты – «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі аудармаларын кешенді түрде қарастырып, жәдігердің әдеби-көркем ерекшеліктерін, тарихи шындық пен көркемдік шешім арақатынасын анықтау. Мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер: 1. Жәдігердің қолжазбалары, көшірмелері және зерттелуі туралы жарық көрген еңбектер жүйеленеді; 2. «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі аудармаларының жазылу тарихы, аудармашылардың бағыт-ұстанымдары мен аударма ерекшеліктері анықталады; 3. «Бабырнама» жәдігерінің қазақ жазба мәдениеті мен әдебиеттану саласындағы орны анықталады; 4. «Бабырнаманың» мемуарлық және автобиографиялық жанрлық табиғаты дәйектеледі; 5. «Бабырнаманың» сюжеттік-композициялық ерекшелігі мен әдеби-көркемдік әлемі сипатталады; 6. Автордың кейіпкер портретін бейнелеудегі психологиялық аспектілері көрсетіледі;

			7. Бабырдың кейіпкер мінез-құлқын ашуда қолданған көркемдік амалдары талданады; 8. «Бабырнамадағы» тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасы салыстырылады; 9. Туындыдағы тарихи деректердің көркем бейнесі мен тарихи тұлғалар портетін ашуда қолданған тәсілдері талданады; 10. Автордың кейіпкер диалогінде қолданған амалдары мен баяндау түрлері қарастырылады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың құрылымы анықтамалардан, кіріспеден, үш тараудан: 1 Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегінің зерттелуі және қолжазбалары 2 «Бабырнаманың» жанрлық табиғаты. мемуарлық және автобиографиялық сипаты 3 «Бабырнамадағы» тарихи шындық пен көркемдік шешімнің үйлесімі және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Зерттеу еңбекте көрсетілген бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланысқан. Диссертациялық ғылыми жүйе сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп. бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автордың тақырыпты зерттеу барысында ұсынған ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулары теориялық және эмпирикалық тұрғыдан негізделіп, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылымда қалыптасқан пікірлерімен дәйектелген. Сыни талдау әдебиеттану ғылымдағы мемуарлық жанр, автобиографиялық жанр, хронотоп (мекеншақ) теориясы, тарихи шындық, нарратор, нарратология мәселелерін арнайы зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып ұсынған пайымдауларынан байқалады. Бұл сыни талдаулар диссертацияның құндылығын

			арттыруда үлкен рөл атқарып тұр. Сонымен қатар Бабыр шығармаларын арнайы зерттеген зерттеулер мен мақалалар, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтынан шыққан еңбектер мен ұжымдық монографиялардағы ғалымдардың пікірлерін басшылыққа алған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелер толығымен жаңа. 1. «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі аудармаларының жасалу тарихы мен аудармашылардың бағыт-ұстанымдары мен аударма ерекшеліктеріне ғылыми тұжырым жасалған. 2. «Бабырнама» тарихи жәдігерін әдебиеттану тұрғысында, яғни көркемдік жүйе, жанр, көркемдік-бейнелеу құралдары негізінде әдеби-көркемдік ерекшеліктері айқындалған. 3. Автордың кейіпкер портретін бейнелеудегі психологиялық көзқарастары мен кейіпкер мінез-құлқын ашуда қолданған көркемдік амалдары талданған. 4: «Бабырнамадағы» тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасы сараланған. 5. Автордың кейіпкер диалогінде қолданған амалдары мен баяндау түрлері карастырылған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Диссертацияның қорытындылары іргелі жаңашылдығымен ерекшеленеді, қазақ әдебиеттануында «Бабырнаманың» поэтикалық жүйесі алғаш рет кешенді түрде сараланған. Зерттеу нәтижесінде «Бабырнаманың» жанрлық ерекшелігі, көркемдік-әдеби әлемінің теориялық негіздемесі жасалып, қазақ әдебиетіндегі «Бабырнаманың» орны ғылыми тұрғыда нақты айқындалған. Жұмыстың
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			маңызды ерекшелігі – «Бабырнаманың» көркемдік құралдар, портрет, характер, баяндау, тарихи шындық пен көркемдік шешім тоғысында зерттеу жүргізіліп, әдістемелік тұрғыда герменевтикалық, мәдени-семиотикалық әдістер ұтымды қолданылған. Диссертациялық зерттеу – XV ғасырдың көрнекті өкілі З.М. Бабырдың «Бабырнама» шығармасын көркемдік-әдеби тұрғыдан кешенді талданған алғашқы ғылыми еңбек ретінде бағаланады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген деуге болады. «Бабырнаманың» жанрлық табиғатын айқындау барысында жасалған кестелер мен кейіпкердің психологиялық портретін анықтауға қатысты кестелер толығымен жаңа.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста алынған барлық қорытындылар теориялық талдауларға, философиялық, психологиялық-педагогикалық және әдебиеттанулық зерттеулерге сүйеніп жасалған. Автор зерттеу барысында мәтіндік, интерпретациялық, контекстік, сандық және сапалық талдау мәліметтері арқылы тұжырымдардың ғылыми негізділігі дәлелденіп, олардың сенімділігі мен дәйектілігі толық қамтамасыз етілген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1 Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген. Диссертант отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми пайымдауларымен әр қағидатты ғылыми тұрғыда дәлелдеген. Атап айтатын болсақ *қазақ ғалымдары:* Б. Кенжебаев, Н. Келімбетов, М.Мырзахметов, Ә. Дербісәлі, Ө. Күмісбаев, Б.Қапасова; *түрік ғалымдары:* Рашид Рахмати Арат, Мехмет Фуат Көпрүлү, Омер Фарук Акун; *өзбек ғалымдарынан:* П.Шамсиев, С. Мирзаев,

		7.1 Ереже дәлелденді ме?	С.Азимжонова, З.Қ.Тешабоева, Д.М. Хошимова, Ғ.Саломов, Н.Комилов, С. Хасанов, Н. Отажонов, Х.Кудратуллаев, Х. Рахимов, Х. Болтабоев, А.П.Ибрахимов, М. Собиров, Ғ. Хужаев, орыс ғалымдары: И.В. Стеблева, Г.Ф. Благова, М.А.Салье, А.Н. Самойлович тәрізді ғалымдардың зерттеулерімен дәйектелген. 7.2 Ұсынылған қағидаттар бұрыннан белгілі тұжырымдармен шектелмей, оларды жаңаша жүйелеп, интеграциялағандықтан тривиалды емес. 7.3 Ұсынылған қағидаттар жаңа болып табылады. Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасы» орта және жоғары мектептерде бұған дейін арнайы оқытылмағандықтан, білім беру әдістемесінде авторлық әдістемелік жүйе аясында тұжырымдалған жаңа ғылыми нәтижелер болып табылады. 7.4 Қорғауға ұсынылған қағидаттарды қолдану деңгейі жоғары. Жоғары оқу орындарының филология мамандығында білім алатын білімгерлерге «Орта ғасыр әдебиеті», «Түркі халықтары әдебиеті тарихы» пәндерін оқытуда және орта және жоғары мектептерге арналған оқу құралдары мен оқулықтарды әзірлеу барысында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. 7.5 Қорғауға ұсынылған қағидаттардың ғылыми негізділігі диссертация тақырыбы бойынша Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналда – 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 3 мақала жарияланған. Халықаралық ғылыми конференция материалдарында – 1 мақала жарияланған. Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді:	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) **жоқ;**	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Диссертациялық жұмыста зерттеу мақсатына сай бірқатар ғылыми әдістер кешені орынды әрі тиімді қолданылған. Атап айтқанда, салыстырмалы әдіс, салыстырмалы-тарихи әдіс, нарративтік элементтерді талдау мақсатында құрылымдық-семантикалық талдау әдісі, герменевтикалық әдіс сынды жалпы ғылыми әдістермен қатар, зерттеу нысанына тән арнайы талдау тәсілдері де қамтылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану нәтижесінде алынған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары мен негізгі тұжырымдары ғылыми тұрғыдан тиянақты негізделген, ауқымды теориялық материалдармен дәлелденген. Диссертант ұсынған теориялық қағидалар мен ұсыныстар нақты деректерге, отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып жүйелі түрде негізделген. Диссертант «Бабырнаманы» зерттеген Т. Ғабитов, К. Камзин, Ж. Ошақбаева Қ.Нұрмұхаметова, Б. Тоекина, Ә. Қыдырбекұлы, Ә.Ахмедиякызы тәрізді аға буын өкілдерінен бастап жас ғалымдардың да еңбектері мен диссертациялық зерттеулеріндегі пайымдауларына сүйеніп отырған. Шетелдік М. Бахтин, Э. Карр, Х. Болтабоев, А.П. Ибрахимов, М. Собиров, Ғ.Хужаев, А. Иброхимов, З. Холманова тәрізді ғалымдардың зерттеулеріне
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

			сүйенген. Сонымен бірге автордың өзіндік пайымдаулары нақты мысалдар арқылы дәйектеліп, ғылыми талаптарға сай жан-жақты талданған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Докторант шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерінен, ұжымдық монографиялардан, диссертациялық еңбектерден, ғылыми басылымдағы мақалалардан көруге болады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Докторант зерттеу жұмысы барысында Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Түркие және шетелдік авторлардың еңбектері мен электрондық дереккөздерін тиімді пайдалана білген. Зерттеу аясындағы ізденістердің ауқымдылығын пайдаланылған әдебиеттер тізімінде қамтылған 169 дереккөздің болуы да айқын дәлелдейді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертацияда қол жеткізген нәтижелер теориялық тұрғыда әдебиеттану және орта ғасыр әдебиетінің зерттеулер қатарын толықтыра алады. Орта және жоғары мектептегі әдеби білім берудің теориялық-әдіснамалық дамуына елеулі үлес қосады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеуді ҚР ЖОО ұйымдарында орта ғасыр әдебиеті мен түркі халықтары әдебиеті тарихын оқытатын пәндерге, оқу орындарындағы элективті және семинар курстарда пайдалануға болады. Аталған ғылыми зерттеу жұмысын теориялық және практикалық материал ретінде қолдануға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың практикалық

		1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	тұжырымдары ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді. Өйткені әдебиеттану ғылымында Бабырнама арнайы әрі кешенді түрде зерттеу нысанына алынбаған. Зерттеу барысында туынды көркем проза талаптары тұрғысынан әдеби талдауға түсіріліп, оның тілдік және стильдік ерекшеліктері жүйелі сараланған. Автордың кейіпкер характерін ашу мен психологиялық портрет жасаудағы тәсілдері, баяндау формалары мен шығармадағы диалогтің қызметі талданып, мәтін ішіндегі көркемдік құрылым элементтері ғылыми негізде дәлелденген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен жауап береді. Нормативтік сілтемелер, анықтамалар талапқа сай жасалған. Диссертацияда 10 термин сөзге анықтама берілген.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертация мазмұнымен, тұжырымдарымен, олардың дәлелдемелерімен танысып, диссертантқа алдағы уақытта ескеретін төмендегідей ұсыныстарды айтуға болады: 1. Монография шығару барысында техникалық қателерден сақ болу керек; 2. Отандық ғалымдардың еңбектерін көптеп пайдалану қажет. 3. Хронотопты қазақша аудармасымен «мекеншақ» деп ауыстыруға болады. Бұл ескертулер диссертацияның ғылыми жаңалығына, негізгі тұжырымдарына, мазмұндық дәлдігіне нұқсан келтірмейді. Тек рәсімдік, стильдік және мазмұнды толықтыру тұрғысындағы жеңіл түзетулерді көздейді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторанттың мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары. Диссертация тақырыбы бойынша 5 мақаласы жарияланған. 1. Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда – 1. Transition from Autobiography to Memoir in «Babur-nama» // Asiatic: IIUM Journal of English Language and Literature. – 2024. – No. 2, Volum 18. – pp. 155-172. Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 3 мақала. 1. «Бабырнама» шығармасындағы тарихи шындық және фольклорлық негіздер // «Керуен» ғылыми журналы. – 2023 ж. – №2, 79-том. – 29-42 бб.	

		2. Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегіндегі психологиялық көзқарастары // «Керуен» ғылыми журналы. – 2024 ж. – №2. 83-том. – 270-284 бб. 3. «Бабырнамадағы» тарихи тұлғалар бейнесі // «Керуен» ғылыми журналы. – 2025. – № 1, 86-том. – 45-58 бб. Халықаралық конференция материалдарының жинақтарында – 1 мақала. «Бабырнама» және Бабыр мұратындағы саяси сана // «Ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттары» халықаралық ғылыми конференцияның материалдар жинағы. – Қарағанды. 28-29 қараша 2022. – 15-20 бб. Диссертанттың ғылыми мақалалары талапқа сай жазылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша **Усенова Нуржамал Есркеповнаның** (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған **««Бабырнаманың» қазақ тіліндегі нұсқалары: тарихи шындық және әдеби заңдылықтар»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензент:
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
жетекші ғылыми қызметкері филол.ғ.к., доцент **П.Т. Әуесбаева**